

мағынасы жағынан бірнеше түрге бөлінеді. Таңбалардың фонетикалық мағынасы жағынан буын жазуын негізгі үш топқа бөліп қарауға болады:

Мұның бірінші түріне ассирио-вавилон, элам, урарт, сына жазулары, майя жазуы, лигатуралы дыбыстық корей жазуы жатады.

Буын жазуының екінші түріне крит-микен буын жазуы, кипр, эфиопия және жапон буын жазулары жатады.

Буын жазуының үшінші түріне үнді жазуының әр түрлі жүйелері (кхарошти, брахми, және т.б.) енеді.

4. Әріп жазуы буын жүйелі жазудан кейін пайда болды. Әріп жазуының пайда болуының дүниежүзілік мәдениеттің дамуы үшін үлкен маңызы болды. Жазу жүйелерінің ішінде әріп жазуы - ең қолайлы жазу. Әр түрлі тілдерде буын саны мен сөздің санынан дыбыстың саны әлдеқайда аз. Осыған орай дыбыстарды таңбалау үшін, әдетте, 20-дан 40-қа дейінгі таңба санының өзі жеткілікті болады. Әріп жазуындағы таңбалардың мұндай шағын мөлшері жазуды меңгеруді, сауаттылыққа үйретуді жеңілдетеді. Әріп жазуы (алфавит) – сөздерді ғана емес, сонымен бірге, олардың дыбыстық жағы мен грамматикалық формаларын да дәлме-дәл белгілеу үшін өте-мөте қолайлы жазу.

### **Әдебиеттер:**

1. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері - Алматы: Өлке, 2010. - 240 б.
2. Уәли Н.М. Графика. Орфография. Орфоэпия. - Алматы, 2018. - 250 б.

## **№2 дәріс**

**Тақырыбы: А. Байтұрсынұлы – араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы**

**Мақсаты:** Ахмет Байтұрсынұлының араб графикасына қатысты сіңірген еңбегі туралы түсінік беру, оның маңызын түсіндіру.

### **Жоспар:**

1. А. Байтұрсынұлы әліп-биі
2. А. Байтұрсынұлы емле туралы

Қазақ жазу емлесін жөнге салудың орыс графикасынан басқа, төте жолын ұсынған қазақтың ағартушы ғалымы – А. Байтұрсынұлы болды. Ол араб графикасын қазақ дыбысына ыңғайлап, жазба әліпбиі түзу керек деген идея көздеді.

А. Байтұрсынұлы 1910 жылдан бастап қазақ жазуын жетілдірумен айналысты. Сол күндері қазақ халқы өзге түркі халықтары сияқты пайдаланып келген араб таңбаларының дәл сол күйінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесін дәл бере алмайтындығын түсініп, былай деп жазды: «Хәріп - тіл үшін шығарылған нәрсе. Олай болса хәріп жоқ деп тілдегі дыбысты жоғалту керек емес, ол дыбысқа жоқ әріпті іздеп табуға керек. Ол жалғыз бізде ғана болған емес, өзге жұртта да болған, хәріпке бола тілді бұзбайды, тілге бола хәріпті бұзып өзгертеді». Осындай білгірлік танытқан А. Байтұрсынұлы араб таңбаларын қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне икемдеп, түзетуді қолға алады да, «XX ғасырға дейін түріктің тілін асыл қалпында алып келген тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиіс», «асыл тіл, түзу емле қазақта боларға тиісті» деп емленің ең жақсысы - дыбыс жүйесінде екеніне көзі жетіп, қазақ тілінің дыбыстық жүйесін зерттей бастады. Араб графикасына негізделген жаңа емлесі 1912 жылдан бастап ұсынылды. «Төте жазу» деген атпен танымал болған бұл графиканы сол кездегі қазақ интеллигенциясы қабылдады және мұсылман медреселері, қазақ-орыс мектептері де қолдана бастады. 1915 жылы жаңа графикамен көптеген қазақ кітаптары басылып шықты.

А. Байтұрсынұлы қазақ тілінің әліпбиін түзу үшін алдымен оның фонетикалық жүйесін талдап береді. Тарихи-лингвистикалық зерттеушілердің пікірлеріне қарағанда,

оның бұл жұмысы – нағыз ғылыми, ғылыми аргументтері күшті, тіпті бүгінгі күннің талабын да өтейтін еңбек болып табылады. А.Байтұрсынов бұл ізденістерінде қазақ тілінің фонологиялық табиғи белгісі – сингармония заңдылықтарына сүйенеді. Бүгінгі фонетист ғалымдар А.Байтұрсынұлы дыбыстар жүйесін сингармофонемалар ретінде дұрыс таныды дейді. Сондай-ақ қазақ алфавитін түзуде (жасауда) болсын, грамматикалық (морфологиялық) категорияларын зерделеуде болсын, А.Байтұрсынұлы тіл біліміндегі парадигмалық жүйені ұстады. Парадигмалық жүйе дегеніміз – тіл бірліктерінің (дыбыстардың, морфологиялық көрсеткіштердің, емлесілік тәртіптердің т.б.) екі түрлі типін қарама-қарсы қойып жүйелеу. Сондықтан қазақ әліпбиін түзуде дыбыстардың дауысты-дауыссыз, жуан-жіңішке, қатаң-ұяң сияқты оппозииттерін негізге алған. Бұл бүгінгі ғылым биігінен (жетістіктерінен) қарағанда өте дәлелді, дұрыс ұстаным болып саналады. Ғалым араб жазулы (таңбалы) қазақтың өз алфавитін (әліпбиін) жасап, ғылым-білім дүниесіне ұсынады. Жүйелілікпен түзілген бұл әліпбиін Ахмет Байтұрсынұлы тәртіпті жазу деп атаймыз деді: «Тәртіпті жазу дегеніміз тілдегі бар дыбыстың бас-басына арналған белгісі (әрпі) бар болса» деп анықтайды. Араб жазуы (әріп таңбалары) – Құран қолданған әліпби, сондықтан оған өзгерістер енгізуге, қысқартуға, өзге таңбаларды қосуға болмайды деген діндар догматиктердің қарсы пікірлері (мақалалары да) болғанына қарамастан, ауыл мұғалімдері, озат ойлы, білімді адамдар тарапынан А.Байтұрсынұлы әліпбиі батыл қолдау табады.

А.Байтұрсынұлы қазақ тілін таңбалайтын графикаға мынандай басты-басты талаптар қояды:

1. Тіл дыбысына жеткілікті-жеткіліксіздігі қанша?
2. Қайсымен басылған я жазылған сөз оңай оқылады?
3. Қайсысымен жазу жеңіл, жазылғанын тану жеңіл?

4. Қайсысы баспаға қолайлы (баспаға сыйымды болуы, жұмыстың өнімді болуы да сонда) ?

5. Үйретуге (сауат ашуға) қайсысы оңтайлы?

6. Көркемдік пен көзге жайлылық жағынан қайсысы артық?

Жазуға осындай талаптар қоя отырып, латын және араб графикаларын салыстырады. Бірінші критерий бойынша араб әрпінен қазақ әліпбиіне 14 әріпті өзгертпестен дайын күйінде алды, 5 әріпке ереже қосып алды. Латын әрпін өзгертпестен алды дегеннің өзінде 15 әрпін-ақ алуға жараған, ал қалған 7 әрпін өзгертіп алуға жараған және ң, й дыбыстарының таңбасын бейнелейтін әріптерді ойдан шығарып таңбалаған. Бұл критерий бойынша араб жазуының таңбалар жүйесі артық болып тұрғанын айтады.

А. Байтұрсынұлы қазақ тілінің дыбыстық жүйесін зерттеу барысында 28 дыбыс түрі барлығын, оның дауысты және дауыссыз болып жіктелетінін, араб харпі қазақ жазуындағы жіңішке дауысты дыбысты ажырату үшін қойылатын белгі - дәйекшені енгізудің қажеттілігін, бұл арқылы тіліміздің төл дыбыс жүйесіне тән үндестік заңы бойынша жуан не жіңішке айтылатын буын табиғатын аңғартуға болатындығын қарапайым тілмен түсіндіріп береді. Сонымен қатар араб алфавитінде жоқ ерін дауыстыларын у дыбысының таңбасына ұқсастырып, жолдың үстіңгі бөлігіне дәйекшелер қою арқылы жаңа әріптер жасайды да, араб графикасын қазақ тіліне ыңғайластырып реформалайды [7, 33 б.].

Қазақ тілінің дыбыс жүйесі мен оны таңбалайтын әріптер туралы пікірлерін ол 1912 жылдан бастап «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің беттерінде білдіре бастайды. «Айқаптың» 1912 жылғы 9-10 нөмірлерінде «Шаһзаман мырзаға» атты үлкен мақала жазып, онда қазақ дыбыстарын білдірмейтін кейбір араб таңбаларын қазақ алфавитіне енгізбеу керектігін, сөздің тұтас жіңішкелігін білдіру үшін оның алдына дәйекші дейтін таңба қою қажеттігін дәлелдейді. Осы мақалада дыбыс, әріп, дейекші, жуан дыбыс, жіңішке дыбыс, қағида деген қазақша лингвистикалық терминдерді тұңғыш рет кездестіреміз. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 34 және одан кейінгі сандарында «Жазу мәселесі» деген көлемді мақала жариялап, онда кейбір дауысты дыбыстарды (у, ұ, о, и, е,

ы) таңбалау жайындағы өзінің пікірлерін айтады. Сөйтіп, әрі қарайғы ізденістерінде араб графикасын қазақ жазуы үшін былайша лайықтап алуды ұсынады: 1) қазақ жазуы үшін араб алфавитіндегі жуан дыбыстардың таңбаларын алмау; 2) қазақ тіліндегі ы, е, и, о, ұ, у дыбыстарының әрқайсысына таңба белгілеу; 3) к, г дыбыстарынан басқа дауыссыз дыбыстармен келген сөздердің жіңішкелігін (яғни қазіргі ө, і, у дыбыстарымен айтылатындығын) білдіру үшін сөздің алдынан дәйекше таңба қою. [8, 56 б.]. Демек, А. Байтұрсынов және бірқатар зиялылар қолданып келе жатқан араб әліпбиіне қазақ жазбалары үшін өзгеріс енгізу, яғни реформалау принципін ұсынды.

Ахмет Байтұрсынов қазақ жазуының емлесі туралы ой-пікірлерін өзі редакторы болған «Қазақ» газетінің беттерінде әрі қарай жалғастырып, пікірсайысқа жол берді. Емле мәселесіне келгенде, «Айқап» пен «Қазақ» газеттері қарама-қарсы екі түрлі бағытта болды. «Айқап» бұрынғы дәстүрлі әліпби жүйесі мен емлені қолдаса, «Қазақ газеті» А. Байтұрсыновтың әліпби реформасы мен жаңа емле принциптерін жақтады. Ғалымның реформасы қазақ тілінің табиғатына, яғни, дыбыс үндестігі заңдылығына сүйеніп, ғылыми негізде жасалған болатын. Сөйтіп, қазақ дыбыстарының табиғатын айқындап тануы, ғылымға қазақтың жаңа әліпбиін жасауға мүмкіндік береді. Оның 1912 жылдардан бастап ұсынған осы алфавитке негіздеп алған жаңа жазуы («Жаңа емле» деп аталды) іс жүзінде қолданыла бастады. Қазақ жазуының белгілі бір кезеңінде қолданылған араб графикасы 28 әріпті қамтыды және классикалық араб тілінің фонетикалық жүйесі негізінде жасалды. Барлық әріптер дауыссыз дыбыстарды қамтиды, сонымен қатар созылыңқы дауысты а, у, и әріптері диакритиялық сызықша (жолдың үстіне немесе астына қойылатын) таңбалар арқылы таңбаланады. Араб алфавиті арамей жазуының бір тармағы набатей алфавитінің негізінде пайда болған. Ол VI ғасырда 22 әріпті қамтыса, VIII ғасырда олардың саны 28-ге жетті. Жалпы араб жазуының кемшіліктерімен қоса, алғашқы қазақ баспасөзінің жазу құралы болған араб графикасының қазақ әдеби тілінің қалыптасуына көп септігі тигендігін де айта кетуіміз керек.

Баспа беттерінде жарияланған мәліметтерге қарағанда, 1915 жылдың бір өзінде жаңа емлемен 15-тей кітап басылып шығыпты. Сондай-ақ А. Байтұрсынұлы ұсынған «жаңа емле» 1913 жылдардан бастап мұсылман медреселерінде де, қазақ-орыс мектептерінде де қолданыла бастады. Жалпы А.Байтұрсынұлының бұл жазу жүйесі ұлттық қазақ жазуы деп аталды.

Ахмет Байтұрсынұлының әліпбиіне пікірлер:

Е.Д.Поливанов: «Новая казак-киргизская (Байтурсыновская) орфография» деген мақаласында былай дейді: «Эту последнюю форму, которую приняла казак-киргизская графика в 1924 году я во всяком случае считаю уже не нуждающейся в поправлениях и представляющей последний шаг в историческом формировании национальной графики, которым с полным могут гордиться киргизские деятели просвещения-создатели реформы, как крупным культурным завоеваниям» деген.

Т.Шонанов: «Болашақ ұрпақты молдалардың дүмше дым білместігінен, миссионерлердің жаңашылдығынан құтқару үшін Ахаң жалғыз күресті. Оның жаңа казак алфавитін жасауы іс жүзіндегі ішкі және сыртқы жаулармен күресінің көрінісі болатын, біздің тіліміздегі барлық дыбыстарды сақтай отырып, дыбыс үндестігінің заңдылықтары бойынша жаңа әріптер белгілеп, ана тілінің синтаксисі мен этимологиясын жасап шықты. Ол қазақ тілінде қолданылмайтын мүлдем қажетсіз 12 араб әрпін әліппеден алып тастады. Бұл жазу емлесіндегі көптеген қиыншылықтарды жойды. Сондықтан да Ахметтің жаңа алфавиті мен жаңа әліппесі біздің мәдени өркендеуімізге зор пайдасын тигізетін құбылыс еді. Жаңа алфавит тілдің таза сақталуына мүмкіндік туғызды. Жаңа алфавит әлемді мәдениетпен арласа түсу жолын жеңілдеті түсті».

М.Дулатов: «Араб әріптерінің өзгеріп отырғаны рас. Бірақ қалай өзгертілген әңгіме сонда болу керек қой. Араб әріптерінің 14 ғана бұрынғыша болса, өзге ойдан шыққандары жұртқа жат болу керек қой. Ойдан шығарылған әріптерді жұртқа үйретіп, оқытып жату керек еді ғой. Ондай нәрсе болды ма? Болған жоқ, ендеше бұны

өзгертушінің шеберлігі деп білiңдер. Бұларды өзгерткенде әр әрiптiң бұрынғы тұлғасын жоймай, өзгерткенiн сездiрмей, хат танитын адам бөгелместен оқып кетерлiк қылып өзгерткен... .. Бұл емленi тосырқап түсiнбеймiз, оқи алмадық деген ешкiмдi естiгенiмiз жоқ. «Қазақ емлесiн» мұсылман медреселерiнде, орыс школдарындағы шәкiрттер, учитель-дер, мұғалiмдер жабыла қабыл еткендiгi былтырғы «Қазақ» нөмiрлерiнiң көбiнен көрiнедi. Бұл екi жылдық қана қызмет, иншалла мұнан кейiн артпаса кемiмес деген үмiт зор» дедi.

М. Дулатов: "Қазақ тiлiн қолына қалам ұстағаннан берi шылғи қазақша жаза бастаған Байтұрсынов қазақ емлесi[н] шығарды, оқу құралдары[н] жазды. Осы екi жылдың iшiнде "Қазақ" газетасының тiл, емле туралы қылған қызметi көзге көрiнерлiк болды. Екi жылдың iшiнде орта есеппен 250 мың дана "Қазақ" нөмiрi тарады, жаңа сөйлеммен 15-тей кiтап шықты, бұлар 45 мың данадай бар. Осының бәрi қазақ арасына тарап жатыр. Бұл емленi тосырқап түсiнбеймiз, оқи алмадық деген ешкiмдi естiгенiмiз жоқ.»

Қ.Жұбанов: "... Бұл жүйе қазақ тiлiнiң ерекшелiгiне әбден лайықты (тегiнде жалғыз қазаққа ғана тән деп қарауға болмай-ды), қазiргi алған жаңа әлiпбиiмiзге де өте қолайлы, өйткенi араб жазуын таңбалау табиғатына мұның еш қатысы жоқ және дәл сондай-ақ алфавит бiткенге бiрдей үйлесiмдi" деген болатын.

Р. Сыздық: 1929 жылы «жаңа дәуiрдiң», «советтiк мәдениеттiң», қысқасы, коммунистiк саясаттың тепкiнiмен латын жазуына алмастырылған қазақ әлiпбиiнiң тарихы қалың жұртшылыққа аян. Ол әлiпби (графика) араб таңбаларын пайдаланған, бiрақ араб жазуы емес, ұлттық қазақ жазуы болатын. Кезiнде мұны өзге түркi халықтарының, орыстың бiлiмпаздары мен қазақ қауымы «Байтұрсынұлы жазуы» деп атаған едi [1], ал Ахаңның өзi мұны «Қазақ жазуы» дедi.

Р. Сыздық: Ахаң ғалым, зерттеушi ретiнде қазақ тiлiнiң дыбыстық жүйесi мен оны таңбалайтын әрiптер жайындағы пiкiрлерiн 1912 жылдардан бастап «Айқап» сияқты журнал мен «Қазақ» сияқты газеттiң беттерiнде бiлдiре бастайды, өзгелермен айтысады, өз жобасын ұсынады, оны түсiндiредi. Ең үлкен жаңалығы — өз әлiпбиiне «дәйекшi» дегендi енгiзгенi. Сөздiң оң жақ шекесiне қойылатын дәйекшi белгiсi сол сөздiң тұтас жiнiшке оқылатындығын көрсетедi, ал бұл – алфавиттi қазақ тiлiнiң ерекшелiгi болып саналатын үндестiк заңдары — сингармонизм дегенге икемдеу амалы екенiн көреміз.

Р. Сыздық: Бұл күнде осы графикамен Шыңжандағы қазақ туыстарымыз бүкiл оқу-ағарту iсiн, баспа дүниесiн жүзеге асырып отыр. Ахаң түзген әлiпби мен ол жасаған емле тәртiбi мұнда өте жақсы қызмет етiп отырғанын айтуға болады. Қытайдағы қандастарымыздың еңбегiмен жарық көрiп жатқан қаншама дүние бүгiнгi қазақтың тұтас жұртшылығының, яғни қазақстандық, монғолиялық, ресейлiк, түркиялық, өзбекстандық қазақтардың да баға жетпес байлығы, жоғалмас қазынасы, алдағы рухани-мәдени азығының мол қоры болып табылмақ. Осындай қазынаның иелерiн бiр-бiрiмен табыстырып, таныстырып, жалғастырып отырған құралдың бiрi – Ахаңның тер төккен еңбегi – араб таңбалы «қазақ жазуы», ұлттық жазу.

Н. Уәли: А.Байтұрсынұлы түзген әлiпбидi сол кезеңдегi фонологиялық мектептiң аға буын өкiлдерi, әлемдiк лингвистиканың көшбасшылары болған Е.Д. Поливанов, сондай-ақ Н.Ф.Яковлев тәрiздi көрнектi фонологтер аса жоғары бағалады. Түрkitанушы К.К. Юдахин мен А.М. Сухотин латын жазуына көшкенше қырғыз халқының Байтұрсын әлiпбиiн сол күйiнде қолданғанын атап айтады. Мұның өзi Байтұрсын әлiпбиiнiң ұлттаралық мәртебесiн көрсетедi.

Махамбет Жүсiпов қазақ тiл бiлiмi тарихында А. Байтұрсынұлының қазақ тiлiнiң дыбыстық бiрлiктер түзiлiмiн дәлме-дәл анықтауы арқылы ұлттық жазудың тұңғыш фонемографиялық жүйесiн жасағанын атап айтады.

С. Шардарбекұлы: Қазақ тiлiндегi дыбыстар жүйесiн арнайы зерттеп, әлiпби құрастырған қазақтың алғашқы фонологы – Ахмет Байтұрсынұлы. А. Байтұрсынұлы –

өзінің бүкіл саналы өмірін қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдерден синтаксистік ықпалынан тазартумен айналысып, қазақ тілі ғылымын дамытқан ірі тұлға.

А.Байтұрсынұлының тіл біліміндегі алатын орнын белгілі ғалым Н.Уәлиев бір сөзбен былай деп түйген еді: “Жалпы тіл білімінде тұңғыш фонолог деп әдетте әліпби түзушілерді атайды (олардың фонологиялық зерттеу жазуы шарт емес). Олай болса қазақ тіл біліміндегі алғаш фонолог – А.Байтұрсынұлы”.

І.Ахметұлы: «Қазақстаннан шыққан Ахмет бұрынғы араб әліппесін өзгертіп, қазақ әліппесін жазды. Неше жылдай қазақ елін шоқындырмақ болған миссионерлер, қазақ еліне үлгі көрсетіп, әліппе жасап бермек болған орыс білімпаздарының қолынан келмеген нәрселер Ахаңның ғана қолынан келді. Ахаңның дәйекшесін орыс білімпаздары да ілім жолындағы үлкен табыстың біріне қосып отыр» - дейді.

#### **А. Байтұрсынұлы емле туралы.**

Емле принципі. Ең бірінші, А.Байтұрсынұлы жазудың негізі екеу (таңба негізді және әріп негізді), ал жүйесі төртеу (таңбаша, дағдыша, туысша, дыбысша) деп көрсеткен. Бұл жалпы жазу теориясындағы жазу типі мен жазу түрлеріне сәйкес келеді. Мысалы, Л.В.Зиндер жазудың тегі семасиографиялық немесе идеографиялық және фонографиялық болып бөлінеді дейді. Ал таңба жүйелі емле, тарих жүйелі емле, туыс жүйелі емле, дыбыс жүйелі емле деп орфографиядағы тарихи принцип, этимологиялық принцип, морфологиялық, фонетикалық принциптерді атағаны.

Емле негізі 4 түрлі: 1) таңба жүйелі (негізі ынтымақ); 2) тарих жүйелі (негізі дағды); 3) туыс жүйелі (негізі тегіне қарай); 4) дыбыс жүйелі (негізі естілуіне қарай).

1. Таңба жүйелі емле арғынға дөңгелек таңба алайық. 217 Қыпшаққа “жіп” таңба алайық деген сияқты немесе “бірге” мынадай: “1” белгі, “екіге” мынадай “2” белгі алайық деген сияқты, не болмаса пәлен дыбысқа пәлен белгі алайық деп дыбыс басына әріп арнаған сияқты, тіл іліміне тірмей, тек ынтымақпен мына сөзді мынадай, ана сөзді анадай етіп жазайық деумен жасалатын емле жүйесі, емленің бұл жүйесін алу – алмау жағын сөз қылмай өтеміз, үйткені жоғарыда емлеміз қалай жасалса да, негізгі тіл іліміне, тіл жүйесіне тіреліп отырып жасалу тиіс дедік.

2. Тарих жүйелі – емле баяғы бір жасалған түрінде қолданып дағдыланғандықтан, тіл өзгерсе де өзгерместен әдеттенген бойынша қолданатын емле. Ондай емледе бір дыбысқа арналған әріп, тіл дыбыстары өзгеріп кеткендіктен, бірнеше дыбыстың ортасындағы ортақ таңба болуы мүмкін. Бір дыбысты жазуға бірнеше әріп жұмсалуды мүмкін немесе тіпті дыбысы жоғалып кеткен әріптерді әлі күнге жоғалмастан сөз ішінде жазылып жүруі мүмкін. Емлеміз бұл жүйелі болуболмауын тағы сөз қылмай өтеміз, үйткені-дағдыланған емлеше жазамыз десек, емле мәселесі қозғалмас еді.

3. Туыс жүйелі емле – сөздің ауыздан шыққандай дыбыстарына қарамай, тегіне қарап отырып жазатын емле. Мәселен, ауыздан шыққанда “қорада бір қара ат тұр екен” дегенде “қара” деген “ат” деген сөздерді ауыздан шығуынша “қарат” деп жазбай, “қара ат” деп жазады. Сол секілді ауыздан шыққанда, “солай болсигеді” болып естілсе де, жазғанда “солай болса игі еді” деп, “болса”, “игі”, “еді” деген сөздердің тегіне қарап жазады. Бірақ осы күнгі емлемізше жазу бар болғандықтан, емленің бұл түрі сөз болуға тиіс.

4. Дыбыс жүйелі емле – сөздерді ауыздан шыққан күйінше жазатын емле. Сөздің ауыздан шығуының өзі екі түрлі болады. Сөйлегенде сөздер бір-біріне жалғаса айтылғанда ауыздан бір түрлі болып шығады, әр сөзді оңаша жеке алып айтқанда ауыздан екінші түрлі болып шығады. Оның мысалын айқын түрде “ақ”, “көк” деген сөздердің айтылуынан көруге болады. Осы сөздерді оңаша жеке түрінде айтсақ, ауыздан айнымай шығады. Сол араға “өгіз” деген сөзді жалғас айтсақ, әлгі сөздеріміздің аяғы айнып, екінші түрлі естіледі (Ақ өгіз – ағ өгіз, көк өгіз – көг өгіз).

#### **Әдебиеттер:**

1. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері - Алматы 2013 : "Абзал - Ай", 637 б.
2. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов.- Қазақ ССР "Білім" қоғамы - Алматы 1990, 49 б.

- 3.Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары - Алматы 2017: "Елтаным баспасы", 396 б.
- 4.Таласпаева Ж. Қазақ орфографиясының мәселелері - Петровапвл 2014, 160 б.
- 5.Күдеринаова Қ. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы - Алматы 2013, 242 б.
- 6.Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ филологиясы: өткені, бүгiнi мен болашағы - Алматы 2017, 165 б.

### №3 дәріс

#### **Тақырыбы: Жазу ережелері.**

**Мақсаты:** Қазақ тілі орфографиясының негізгі мәселелері туралы мағлұмат беру.

#### **Жоспар:**

1.1914 жылғы емле жинағы

2.Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезіндегі жазу ережелері

Қазақ жазуының ең бірінші орфографиялық ережелер жинағы 1914 жылы ғана жарық көрген. Бұған дейін қазақ халқы араб әліпбиін пайдаланып жүргенімен, қазақ тіліндегі сөздің қалай жазылуын білдіретін ережелер жиынтығы болмаған. 1911 жылдан бастап, баспа бетінде қазақ жазуын жүйеге келтіру, сөздердің дұрыс жазылуын айқындау жайында пікірталас болып, ол қазақ тілі орфографиясын жасауға әкелді. Сөйтіп, 1914 жылы қазақ тілі орфографиясы пайда болды. Бұл орфография ережелері 1924 жылы толықтырылды, кейбір ережелер өзгеріссіз қалды. Бұл ережелер 1929 жылға дейін қолданылды, 1929 жылдан 1940 жылға дейін латын әліпбиіне көшумен байланысты қабылданған қазақ тіл орфографиясы қолданылды.

Қазақ тілінің жазу тарихы бірнеше тарихи кезеңдерді басынан өткізіп, ұлттық әліпби деңгейіне жеткендігі бәрімізге белгілі. Қазақ жазуының алғашқы кезеңдерінде емле мәселесін анықтап алу үлкен қиындық туғызды. Бұл маңызды міндетті Ахмет Байтұрсынұлы бастаған ғалымдар 1924 жылғы съезде жан-жақтан пікірлерін ортаға салып қызу тартыс барысында ұсыныстар арқылы шешімін тапқанын тарихтан білеміз. Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі 1924 жылы маусымның 12 – 18 күндері аралығында Қазақ АССР-нің сол кездегі астанасы Орынбор қаласында өтті. Съезде жазу ережелері, әліпби мен қазақша пән сөздер мәселесі, ауыз әдебиетін жию шаралары, ғылыми және оқытуға арналған кітаптарды шығару, бастауыш мектептің бағдарламаларын дайындау мәселелері қаралды. Ахмет Байтұрсынұлы төрағалық еткен бұл комиссияның құрамында М. Мырзаұлы, Ә.Бөкейханұлы, Е.Омарұлы, М.Дулатұлы, Х.Досмұхамедұлы, Н.Төрөкұлұлы, Т.Шонанұлы сынды қазақ зиялылар, сондай-ақ Мәскеуден, Қазақстан оқу комиссариатынан, Қостанай, Семей, Орал, Бөкей оқу губерниясынан, Қырғызстаннан, Башқұртстаннан делегаттар кіреді. Осы жиында өзі «Қазақ жазуы» «тәртіпті жазуы», өзгелер «Байтұрсыновжазуы», «Ұлттықжазу», «төте жазу» деп аталған әліпби үлгісі, емлесі ресми түрде бекітіледі.

Съезде арабшылар мен латыншылар арасындағы пікірталас пен тартыс өз жалғасын тауып, өткір сипатта өрбіді. Әр топтың өкілдері өз ойларын ортаға салды: А. Байтұрсынов бастаған «арабшылар» съезде «қазақ әліпбиін латындандыру идеясынан біржолата бас тарту қажет» деген пікір білдірген болса, Н. Төрөкұлов латын қарпінің басымдықтарын негіздеуге күш салып, жаңа емлеге өтуді сатылап, жүйелі түрде жүргізу қажеттілігіне назар аударды. Съездің қорытындысында қазақ тілі мен әдебиетінің ғылыми жүйесі, әсіресе әліпби, орфография, терминология, оқыту әдістемесі, ономастика т.б. салалар бойынша маңызды қаулылар қабылданды.

Съезд делегаттары латын графикасына көшу мәселесі және қазақ тілінің болашақтағы жазу үлгісі бойынша ортақ шешімге келе алмады. Қайта керісінше, съезд Қазақстан жағдайында тілдік реформаларды жүргізуден гөрі араб графикасының негізінде А. Байтұрсынов құрастырылған әліпбиді – «төте жазуды» қолдануды жалғастыру, оны одан әрі жетілдіру қажет деп тапты. Дегенмен, латындандыру мәселесі бұрынғысынша